

Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясының
2025-2026 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың атқарған
жұмысының жылдық есебі.

2025 жылдың тамыз айының 29 жұлдызында бекітілген өндірістік бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

Маусым айында 2025-2026 оқу жылға арналған жұмыс жоспарын дайындап, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жасалды.

МЕКТЕПТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛҚҰЖАТ I-II жж

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес.

№	Әлеуметтік санаттар	Бала саны	
	Барлық оқушылар	1393\ 1325	
	Отбасы түрі бойынша:		
1.	Көп балалы отбасы	457	
2.	Толық емес отбасылар	65	
3.	Анасы қайтыс болған балалар саны	2	
4.	Әкесі қайтыс болған балалар саны	36	
5.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	81 (АӘК)	
6.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	-	
7.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	11	
8.	Ерекше назарды қажет ететін бала саны	17	
9.	Өгей әкемен тұратын бала саны	2	
10.	Өгей анамен тұратын бала саны	2	
	Барлығы:	673	
№	Әлеуметтік санаттар	Бала саны	
	Барлық оқушылар	1393\ 1325	
	Отбасы түрі бойынша:		
1.	Көп балалы отбасы	457	

2.	Толық емес отбасылар	65	
3.	Анасы қайтыс болған балалар саны	2	
4.	Әкесі қайтыс болған балалар саны	36	
5.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	81 (АӘК)	
6.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	-	
7.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	11	
8.	Ерекше назарды қажет ететін бала саны	17	
9.	Өгей әкемен тұратын бала саны	2	
10.	Өгей анамен тұратын бала саны	2	
	Барлығы:	673	




«Мектепке жол акциясы бойынша қыркүйек айында 4 оқушыға демеушілердің есебінен мектеп формасы, спорттық киім және оқу құралдары берілді.



ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы негізінде 5 санатына жататын отбасыннан шыққан 1-4- сыныптар арасында 509 оқушыны тегін ыстық тамақпен қамтылды

Перспективлық ас мәзірі 1 – 2 апта. Аудандық білім бөлімінен “Бекітіліп” келеді және Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп- гимназиясының директоры «Келіселім» береді.

Бракераждық комиссия мүшелерін құрылды және жыл бойы қадағаланып фейсбук парақшасына жарияланып отырды.




Мектеп асханасындағы бір жылдық ас мәзірі Оқушылардың тамақтану кестесі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министірінің және Қазақстан Республикасының

2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысын басшылыққа ала отырып, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы оқушыларға мектеп асханасынан 1 %-тік оқу қоры есебінен 5 -8 сынып оқушыларын күніне бір рет ыстық тамақпен 19 оқушы қамтамасыз етілуде.

2025 жылдың 1 қыркүйегінен 1-11 сынып аралығында көпбалалы және аз қамтылған отбасындағы 19 оқушы 1 % ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі жасалып, мектеп директоры С.М Каримовқа бекітті. Әр айдың 30 шы жұлдызында ыстық тамақ ішетін оқушылардың есебін Аудандық білім бөліміне өткізілді. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін мектеп медбикесі Илясова Х және әлеуметтік педагог З. Бектаева бақылап отырды.






Жалпыға білім беру қорынан тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізімін жасалды. Көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен, жартылай жетім және қамқорлыққа алынған балалардың әлеуметтік төлқұжатты жасалды.

«Мектепте берілетін ыстық тамақ» бойынша 1-4 сынып арасында сауалнамалар алынды.



Тамақ ішетін оқушылардың Ваучерлік QR -коды



Алтын күз мерекесі аясында мектебімізде ұйымдастырылған қайырымдылық жәрмеңкесінде жиналған қаражатқа мұқтаж оқушыға көмек көрсетуге бағытталды. Шараға ұстаздар, ата-аналар және оқушылар белсенді қатысып, ортақ игі іске өз үлестерін қосты. Жиналған қаражат 7 «Д» сынып оқушысы Ауылбекова Нұржама және 5 «Е» сынып оқушысы Алғабек Кәусарға оқушылардың киім-кешегін

алуға жұмсалды. Бұл игі іс шараның басты мақсаты – бірлікті арттыру, қамқорлық пен мейірімділікті насихаттау болды. Алынған қаражат өз мақсатына сай пайдаланылып, оқушыға нақты көмек көрсетілді.



29 қазан Қамқоршылар күні. Мақсаты: Оқушылардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, патронаттық тәрбиедегі балаларға, қамқорлықтағы балаларды ортаға бейімдеу, оқушыларды кішіпейілділікке, бауырмалдыққа баулу. Мектебіміздегі қамқоршы оқушыға көңіл бөлу мақсатында әлеуметтік педагог тарапынан сыйлықтар берілді.

Көмек берілді

« Жаңа жыл » мерекесі алдында ата-ана өтініш бергені 32 (оттыз екі) отбасы 44 оқушыға 20 000 (жиырма мың) теңгеден қаржылай көмек берілді. .

2025 жылы 26 желтоқсан күні «Жұлдыз» мейрамханасында өтілген «Аудан әкімі, шыршасына «ҒАЖАЙЫПҚА ТОЛЫ ЖАҢА ЖЫЛ»



Қ.Р.Президенті атынан өткізілген

жаңа жылдық шыршаға Бақытжан Даулет 5 «Е» сынып оқушысы

1 оқушы қатыстырылды.

100 000 теңге қаржылай және мерекелік сыйлық берілді.



«Бала құқығы-адам құқығы» атты республикалық он күндік жоспарына «қатігездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту, баламен тіл табысуға, балаға қысым түсірмей, зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас орнатуға бағыт беру.

«Балалар арасындағы буллинг және кибербуллинг» тақырыбында 5-7 сыныптар бойынша іс-шаралар өтілді.



17.11.2022 жылы мектебімізде "Бақыт деген - бала кездерің .Бақыт деген - Отбасың" атты бастауыш сынып ата-аналарымен дөңгелек үстел болып өтті. Мақсаты : Отбасы құндылықтарын дәріптеу, бала тәрбиесіндегі ата -ананың көзқарасын кеңейту.Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық сезімін нығайту.

Республикалық он күндік қарсаңында балалардың құқығын қорғаудағы проблемаларды анықтап және осы мәселе бойынша балалардың көзқарастарын білу үшін әлеуметтік педагогы З.Бектаева мен Г.Аманкулова 7-11 сынып оқушылар арасында зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын сауалнамасын жүргізіп, қорытындысын шығарды.



Мектебімізде 4 - сыныптың сынып жетекшісі Э.Сүйгенбаева мен мектеп психологы А.Кульбаеваның ұйымдастыруымен сынып ата - аналары арасында «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі» тақырыбында жиналыс болып өтті.

Жиналыстың мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынас қалыптастыру.



2026 жылы қаңтар айынан бастап әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары бойынша , жұмыстар жүргізілді. 1-11 сыныптар аралығындағы көпбалалы, қамқоршы және тұрмысы төмен жанұядағы 19 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Олардың күнделікті тамақ ішуі қадағаланып тұрды.

Мектебімізде кәсіптік бағдар беруші педагогтары "Бүгінгі оқушы-ертеңгі студент, Бүгінгі студент-ертеңгі маман" тақырыбында студенттермен кездесу кешін өткізді.

Мақсаты:

1.Оқушыларды жоғары оқу орындарында белгілі бір мамандықта білім алып жатқан студент жастармен кездестіре отырып, пікір алысуға, болашақ мамандығын таңдауда жүйелі көзқарас қалыптастыруға , кәсіби мамандыққа деген

қызығушылығын арттыруға, сол жолда тиянақты да, саналы білім алуға деген ұмтылысты оятуға бағыт беру.

2.Бұрынғы бітіріп кеткен түлектердің жақсы қасиеттерін, озық қабілеттерін кейінгіге үлгі ету.

3.Мамандықтардың түрлері, әр түрлі оқу орындары туралы мағлұмат беру.



Мектебімізде 2026 жылы 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясы бойынша айлық өткізілді. Акцияны өткізу барысында іс-шара жоспары жасалып, бекітілді. Акцияның мақсаты - оқумен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау, сондай-ақ материалдық көмекке мұқтаж көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға, жетім және жартылай жетім, қамқорлыққа алынған балаларға әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету. Әлеуметтік себептер бойынша сабақтарға балалардың келмеуінің алдын алу. Міндеті:

- жалпы орта білім алу үшін мектеп жасындағы балаларға жағдай жасау;
- дәлелсіз себептермен сабақтарға ұзақ уақыт бойы қатыспаған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу;
- олардың сабақтарға қатыспау себептерін анықтау;
- күнкөрісі төмен және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға материалдық көмек көрсетуге бағытталған қайырымдылық қызметін жүзеге асыруға жұртшылықты тарту.

Акция өткізу барысында жағдайы төмен отбасыдан шыққан балаларды, сондай-ақ материалдық көмек көрсетуге мұқтаж және әлеуметтік себептер бойынша сабаққа келмей жүрген балаларды анықтау үшін рейдтер жүргізілді. Рейд нәтижелері бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж отбасы балаларының тізімдері жасалды. Акция барысында мектебімізде жоспарға сәйкес іс-шаралар жүргізілді. 30 қаңтар күні әлеуметтік педагог З.Бектаева мен Г.Аманкулова «Мейірімді жүрек» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.





Көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен, жартылай жетім және қамқорлыққа алынған балалардың тізімі анықталды. Мектеп бойынша көпбалалы отбасындағы оқушылар саны 159 бала, аз қамтылған отбасындағы оқушылар саны **28** бала, жартылай жетім оқушылар саны 106 бала. Әлеуметтік педагог З.Бектаева мен Г.Аманкулова және сынып жетекшілермен бірге тұрғын үй жағдайы зерттелді.



«Қарым-қатынас құпиялары» атты әлеуметтік педагогтардың 5-7 сыныптармен өткізілген тренинг

Мақсаты:

1. Оқушыларға қарым-қатынас жасаудың маңызын түсіндіру.
2. Тындай білу, өз ойын жеткізу дағдыларын дамыту.
3. Бір – біріне деген құрмет пен сенімді қалыптастыру



«Мектепке жол» Республикалық акциясының бойынша ақпан айында 25 отбасына азық түлік алып барып берілді.

Наурыз айында «Қамқорлық» акциясы «Жақсылық жасауға –бір қадам» атты ұранымен атқарған жұмыстары жайлы мәлімет.



Ата-аналармен «Балалық қауіпсіздігі – ортақ міндет» тренинг



2026 жыл Жазғы қала сыртындағы сауықтыру лагерін ұйымдастыру.

5-10 сыныптарға оқушыларға лагерьдің мақсаты, шарттары, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру жайлы жұмыстар жүргізілді

Лагерьдің мақсаты:

- Оқушылардың денсаулығын нығайту, таза ауада демалу
 - Әлеуметтік дағдыларды дамыту (достық, қарым-қатынас, топпен жұмыс)
 - Шығармашылық және спорттық қабілеттерін
- Уақытты тиімді өткізуге, өзін-өзі дамытуға үйрету

№	Мектептің атауы	Барлық балалар саны	Оның ішінде 7,5% лагерьге қамтылатын бала саны
---	-----------------	---------------------	--

1	Қ.Тұрсынқұлов ат. м/г	1396	93
---	-----------------------	------	----

1-10 маусым
21-30 маусым
11-20 шілде



Әлеуметтік педагог:

З.Бектаева